

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Жезқазған өңіріне экономикалық-географиялық баға
беру»

Орындады: Ә.Әбдіғапар

Ғылыми жетекшісі
аға оқытушы

А.И.Аманжолов

Қарағанды 2017

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев
Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша
қабілетті 30 елдің қатарына кіру
стратегиясында бірінші басымдық ретінде
Қазақстан экономикасын жаңарту және оған
серпінді сипат беруді атады.


Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Қазақстан Республикасы экономикасының қарқынды дамуы, дүние жүзі бойынша дамыған елдер қатарына өту мақсатында, жекелеген өңірлердің экономикалық дамуына талдау қазіргі таңда қажетті жұмыстардың бірі болып отыр. Әлеуметтік –экономикалық дамуды белсенді түрде зерттей отырып, нығайту мақсатында стратегиялық бағдарламалар мен жобалар қабылданып отырылады. Осылайша, аймақтар өзінің экономикалық базасын ұлғайтып, тұрғындарды еңбекпен қамтамасыз етіп отырды.

Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты –
Жезқазған қаласының экономикалық
дамуын зерттей отырып, оның даму
болашағын ашып көрсету.

Дипломдық жұмыстың нәтижесінің тәжірибелік маңыздылығы – оның нәтижелерін түрлі мақсатта қолдану мүмкіндігі жатады. Мысалы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және саяси географиясы пәнінде, табиғат қорғау шараларын сапалы жүргізуде, ластану мониторингін толықтыруға, оқу процесінде, мерзімдік ашық басылымдарда қолдануға болады. Зерттеу барысында түрлі географиялық тәсілдер: статистикалық, салыстырмалық, картографиялық, жүйелеу, талдау тағы басқалары қолданылған.

Жезқазған қаласы – 1954 жылы 20 желтоқсанда құрылған. Қала экономикасын өнеркәсіп анықтайды, сондықтан даму деңгейінің бас көрсеткіші оның әлеуметтік-экономикалық дамуы болып табылады. Өнеркәсіп өндірісінің 85% көлеміндегі негізгі үлесін «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС кәсіпорыны құрайды.



1:120 506



Жезқазған қаласының ғарыштық фото суреті



Аймақтың ірі кәсіпорындарының 2015 жылғы негізгі көрсеткіштері

№ р/т	Кәсіпорында р атауы	Орналасу орны (қала, аудан)	Өнім өндірісіні ң көлемі, млн. теңге	Жұмыстыла р саны, адам	Инвестицияла р млн. теңге	Орта айлық еңбекақ ы төлемі, мың. теңге
1	«Қазақмыс Корпорация» ЖШС	Жезқазға н	393 463	13315	11617,2	
2	«ПТВС» АҚ	Жезқазға н	153	691	112,7	33499
3	«ЖезРЭК» АҚ	Жезқазға н	140	620	34,9	44274

Е с к е р т у: «Жезқазған қаласының кәсіпкерлік бөлімі» ММ деректері

Қаланың негізгі әлеуметтік экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2013 ЖЫЛ	2014 ЖЫЛ	2015 ЖЫЛ
Өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі, %	101,9	92,9	107,7
Өндірістік өнім көлемі (жұмыс, қызмет) қалыптасқан бағада, млн. теңге	189034	309955,1	401911,8
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі (нақты бағамен), млн. теңге	1223,7	1430,9	1574,4
Тұтыну бағасының индексі, %	112,8	105,9	106,6
Негізгі капиталға инвестиция, млн. теңге	10083,4	14351,3	14973,3
Тұрғын үйді іске қосу, шаршы метр	33582	33838	8866
Орта айлық еңбекақы теңге (әр жылдың қаңтар-қараша деректері)	55116	58343	69309
Кедейшілік шегінен төмен тұратын азаматтар үлесі, %	-	8,87	6,65

Е с к е р т у: * - Жезқазған қаласының статистика басқармасының деректері

Экономикаалық қызмет түрлері бойынша орта айлық еңбекақы төлемі, теңге

		2014 ЖЫЛ	2015 ЖЫЛ
1	Ауыл шаруашылығы	77242	82838
2	Балық шаруашылығы	33222	36754
3	Өнеркәсіп	34460	34133
4	Құрылыс	38479	66537
5	Сауда	69451	90216
6	Қонақ үйлер мен мейрамханалар	25827	27864
7	Көлік және байланыс	78886	83037
8	Қаржылық қызмет	36784	37645
9	Жылжымайтын мүлікпен операциялар	48453	59450
10	Мемлекеттік басқару	34979	41335
11	Білім беру	41405	49220
12	Денсаулық сақтау	53278	55331
	Қала бойынша	572466	664360

Е с к е р т у: Жезқазған қаласының статистика басқармасының деректері















ҚОРЫТЫНДЫ

Төзімді және тұрақты экономика арқылы дамудың стратегиялық мақсаты мемлекетіміздің гүлденуі ғана емес, ең негізгісі – Қазақстан азаматтарының жағдайын жақсарту болып табылады. Мемлекетіміздің Президенті айтып өткендей, бұл өзгерістерді әрбір қазақстандық өз өмірінен сезінуі керек.